

«БЕКІТЕМІН»
Кентау орталық қалалық
ауруханасының басшысы
_____ **Утебаев А.Б.**



Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы «Кентау орталық қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

25.07.2023жыл

Кентау қаласы

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы «Кентау орталық қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 13маусымдағы № 109н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

1) Топтың төрағасы:

Басшының медициналық қызметтің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары О.Тульбасиев;

Топ мүшелері:

2) Аурухана заңгері Т.Иманкулов;

3) Адами ресурстарды басқару бөлімінің маманы А.Ердесова;

4) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженері М.Алимбетов;

5) Бас есепші Н.Керимбаева;

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2023 жылдың маусым - тамыз аралығы.

4. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2022 жылдың маусым айынан 2023 жылдың маусым айына дейін.

5. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2022 жылдың маусым айынан 2023 жылдың маусым айы аралығында 1807 бұйрық шығарылған.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2022 жылдың маусым айынан 2023 жылдың маусым айы аралығында – 30 адам жұмысқа қабылданып, 43 адам жұмыстан шығарылған.

2022 жылы жұмыстан өз еркімен босатылғандар саны - 30 болса, оның ішінде - 3 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 5, кіші медициналық қызметкерлер саны – 5, өзге қызметкерлер саны – 17 болса, 2023 жылдың 6 айында өз еркімен босатылғандар қызметкерлер саны – 22, оның ішінде дәрігер – 6, орта медициналық қызметкерлер – 6, кіші бикелер – 9, өзге қызметкерлер саны – 1.

2022 жылы жұмысқа қабылдағандар саны – 41 болса, оның ішінде дәрігер – 5, орта медициналық қызметкер саны – 18, кіші медициналық қызметкерлер саны – 9, өзге қызметкерлер саны – 9.

2023 жылдың 6 айында – 11 адам жұмысқа қабылданған. Оның ішінде 0-дәрігер, орта медициналық қызметкерлер – 0, кіші бикелер – 8, өзге де қызметкерлер саны – 3.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Кентау орталық қалалық ауруханасы басшысының 30.12.2022 жылғы №194 н/к бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

2023 жылы сәуір айынан бастап үміткерлерді jumys «SmartNation» порталындағы денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық персоналының (мейіргер, фельдшер) бос орындарға конкурстық іріктеуге қатысып, jumys «SmartNation» порталындағы қадамдардан өтіп, бос және уақытша бос орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келген. Алайда, қазіргі таңда ол портал арқылы үміткерлерді қабылдау тоқтатылған. Себебі, порталдың дұрыс жұмыс жасамауынан деп көрсетілген.

Жұмысшы топпен жұмысқа қабылданғандар мен осы Кәсіпорында бұрыннан жұмыс жасайтын қызметкерлер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес, басшымен туыстық немесе басқа да қатынастары бойынша ішкі талдау жұмыстарын

жүргізіліп, нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар жайлы тиісті өкілетті органға хабарлама берілген.

Кәсіпорында 2022 жылдан 2023 жылдың осы мерзіміне дейін барлығы - 2594 бұйрық шығарылған. Оның ішінде негізі құрам бойынша – 322, жеке құрам бойынша – 824, іссапар бойынша – 1448, Шығарылған бұйрықтарда сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін нормалар анықталмады.

Адами ресурстарды басқару бөлімінің қызметкерлері тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі.

Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ

Кентау қалалық орталық ауруханасында 87478828329 «сенім телефоны» жұмыс істейді. Арыз-шағым жәшігі ілінген. Арыз-шағым жәшігінде жемқорлыққа қатысты ешқандай арыз, шағым, өтініш, ұсыныс, талаптар түспеген.

Ауруханамызда Қазақстан Республикасының және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының, «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы», Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексінің талаптары қатаң бақыланады. Ауруханамыздың қабырғаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында стендтер және кітапшалар ілінген, науқастарға түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Әр тоқсан сайын науқастардан жасырын анкеталар алынып, талдау жүргізіледі.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергі жасауға ықпал ететін жағдайлар анықталмады.

Кәсіпорын қызметшілерінің атына сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұқаралық ақпарат құралдарына материалдар жарияланған жоқ.

Кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізу

Кентау орталық қалалық ауруханасыда облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы және «InCraft» ЖШС бірлесіп облыс аумағында денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың **екінші жартыжылдығынан** толық іске асыру жоспарлануда.

Осы жоба пилоттық режимде бірқатар медициналық кәсіпорындарда ендіріліп оң нәтижесін көрсетті.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды:

Мекемеде бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys SmartNation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу - үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірбиелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасын негізге алып оқу семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүмкіншілік болмай отыр.

Себебі: «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңында 41 баптың 1-тармағына сәйкес, осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады делінген.

Атап айтсақ баға ұсыныстары арқылы сатып алу өткізген жағдайда;

- Хабарландыру 5 жұмыс күн порталда тұрады;
- Қорытынды шыққаннан кейін келісім шарт өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 5 күн ішінде келісім береді;
- Келісім шартқа қол қойып өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 3 жұмыс күні ішінде қол қояды.

Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін 3 % төлеуге берілетін уақыт 10 жұмыс күн, ол кезде 3 % құймаса тағы 2 жұмыс күн уақыт беріледі. Өнім беруші 3 % төлемесе екінші өнім берушіге жіберіледі келісім шарт ол жақтада осындай уақыт алады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергі жасауға ықпал ететін жағдайлар анықталмады.

Кәсіпорын қызметшілерінің атына сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұқаралық ақпарат құралдарына материалдар жарияланған жоқ.

Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша, заңға сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілетін мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтінімді ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі.

2022жылы семинар, конференциялар және ұқсас оқу іс-шаралар бойынша Заңның 39 бабының 3 тармағының 45 тармақшасы негізінде үш Шарт түзілген, ал 2023жылы бір Шарт жасалып оқу өткізілгені анықталған.

1. 990640003199/230054/00 2023-03-06, ТОО "Казахстанский центр повышения квалификации "Astana-Gold"", 130 000.00тг.
2. 990640003199/220140/00 2022-09-13, ТОО "MEDsmart", 200 000.00тг.
3. 990640003199/220139/00 2022-09-21, ТОО "Social-i International Kazakhstan", 160 000.00тг.
4. 990640003199/220118/00 2022-05-27, ТОО "Казахстанский центр повышения квалификации "Astana-Gold"", 130 000.00тг.

Жоғарыда аталған келісім шарттар Мемлекеттік сатып алу заңының 1 – тармағының 41 –бабы, 39 – бабының 3 – тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда деп көрсетілген.

Алайда, осы жерде Заңның көрсетілген бабтарын орындау Тапсырыс берушіге көп ыңғайсыздық туғызады,себебі уақыттың өтіуіне байланысты семинар,конференция сияқты іс-шаралар өтіп кетеді.

Аталған Шарттар облыстық ішкі аудит бақылауынан өтіп ескертулер орын алмаған.

Кәсіпорында негізгі қызметін жүргізу мақсатында есепті мерзімде барлық мемлекеттік сатып алу жұмысы Заңға сәйкес өткізілді.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын дискрециялық өкілеттітер анықталған жоқ.

Қорытынды:

«Кентау орталық қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

3. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасын негізге алып оқу семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүмкіншілік беру жолдары;
4. Қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіре отырып жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз ету;
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қортындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесін ұсыну (№ 1 Қосымша).

Қосымшада: 2 парақ

Жұмыс тобының төрағасы:

О.Тульбасиев _____;

Жұмыс тобының мүшелері:

Т.Иманкулов _____;

Н.Керимбаева _____;

М.Алимбетов _____;

А.Ердесова _____;